

в-четвертых, в этом случае выиграет и государство, и турфирмы, ведь международный туризм продолжает оставаться самым доходным бизнесом в мире.

Казахстан сегодня успешно решает задачи экономического развития страны, что во многом обуславливает его возможности в эффективной реализации крупного туристского потенциала.

Список литературы

1. Экономика современного туризма / Под. ред. д.э.н. Г.А.Карповой. — М.,-СПб.: ТД «Герда», 1988. — 756 с.
2. Шарафутдинов В.Н. О смысловой нагрузке понятия «туризм» // Туризм: право и экономика. — 2005. — № 2. — 5 с.
3. Манильская декларация по мировому туризму // Международный туризм: правовые акты. — М.: Финансы и статистика, 2000. — С. 186–203.
4. Гагская декларация по туризму. Межпарламентская конференция по туризму, 14 апреля 1989 г. // Организация туризма: Учеб. пособие/ А.П.Дубрович, Н.И.Кабушкин, Т.М.Сергеева и др.; Под общ.ред. Н.И.Кабушкина и др. — Мн.: Новое знание, 2003. — С. 488–495.
5. Жукова М.А. Индустрия туризма: менеджмент организации. — М.: Финансы и статистика, 2003. — С. 7.
6. «О туристской деятельности в Республике Казахстан» Закон Республики Казахстан от 13 июня 2001 года, № 211–III // Туристская деятельность: Сб. законодат. актов. — Алматы: Юрист, 2005. — С. 3.
7. Экономика и организация туризма. Международный туризм / Е.Л.Драчева, Ю.В.Забаев, Д.К.Исмаев и др.; Под ред. И.А.Рябовой, Ю.В.Забаева, Е.Л.Драчевой. — М.: КНОРУС, 2005. — С. 17.

ӘОЖ 343.59

Ж.Т.Мырзалиева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

АДАМГЕРШІЛІККЕ ҚАРСЫ БАҒЫТТАЛҒАН КЕЙБІР ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БОЙЫНША ТҮСІНГІ

В статье рассматривается проституция как сложное социальное явление на разных этапах истории развития человечества. Дана характеристика понятий и сущности некоторых преступлений, направленных против нравственности, а также показано влияние социально-экономической жизни, обычаев и законов, этнокультуры, этнопсихологии, общественного сознания и морали, общественно-политического строя на это явление.

In clause prostitution — as the complex social phenomenon at different stages of history of development of mankind. And also the characteristic of concepts and essence of some crimes directed against morals. Influence in dependence of a social and economic life, customs and laws, ethnocultures, enopsychologies, public consciousness and morals, a social order-political on this phenomenon.

Қазақстан Республикасы Конституциясында еліміздің зиялы, демократиялық қоғам және құқықтық мемлекет құру жолында халықаралық нормаларды ұстанғандығы айқын көрсетіліп, республиканың дүниежүзілік қоғамдастықтың толық құқылы, бөлінбес бөлігі екендігі жария етілген. Отандық заңнама тәжірибесінде адамдардың құқығы, бостандығы, адамгершілігі тәрізді құндылықтары мен асыл қасиеттерін заңмен қорғау орынға түсуде. Әйтсе де, өз тәуелсіздігін жариялағанына он жылдан енді ғана аса бастаған мемлекетімізде бірнеше ғасырлық отаршылдық езгі кезеңінде еліміздің әлеуметтік өмірінен орын алған моральға жат, ертедегі қазақ қоғамында бой көрсетпеген жезөкшелік, маскүнемдік, алкоголизм, нашақорлық тәрізді әлеуметтік кеселдерге қарсы күрес жүргізілсе де, бұл проблема күні бүгінге дейін түбегейлі шешілген жоқ. Бұлар қазіргі қоғамымызда түрлі қылмыстармен кірігіп күрделеніп, қауіптілігі арта түскендіктен, заңнама саласында бірталай проблема тудырады.

Жезөкшелік — адамзат дамуының алғашқы кезеңінен бастап, күні бүгінге дейін жасап келе жатқан аса күрделі әлеуметтік құбылыс. Әр қилы тарихи кезеңдегі әр халықтың өзіне тән әлеуметтік-экономикалық тұрмысы, шаруашылығы, тұрмыс салты, этномәдениеті, әдет-ғұрпы, жөн-жобалары, этнопсихологиясы, діни, қоғамдық санасы мен моралі, мемлекеттік заңдары мен мемлекеттілігінің

қоғамдық-саяси құрылысы ерекшеліктеріне қарай жезөкшелік құбылысының сипаты және таралу көлемі әр түрлі болды.

Әрбір тарихи кезеңде қоғамдық сананың белгілі бір дәрежеде өзгеруіне орай, жезөкшелік кәсібінің мәні мен түр-сипаты да өзгеріске ұшырап отырды. Жезөкшелік қандай да бір қоғамда үстемдік еткен дін, мораль, идеология және заң талаптарына сай зерделеніп, я қалыпты құбылыс немесе заңды іс-әрекет, я моральға жат құбылыс немесе қылмыстық іс-әрекет ретінде танылды. Осыған орай, «жезөкшелік» түсінігіне жағымды я жағымсыз сипаттағы түрлі анықтамалар берілді.

Жезөкшелік — адамзат тарихы мен мәдениетіндегі сан қырлы күрделі құбылыс. Осы себепті, оның мәні және өзіндік айқын белгілері жөніндегі пікірталас ХІХ ғасырдан бері жалғасып келеді. Ресейдің, сондай-ақ бірқатар шетелдердің тарихнамасында жезөкшелікті заңдастыруды құқықтық және медициналық тұрғыдан зерттеуге арналған ғылыми еңбектер аз емес. Әйтсе де бұл салада «жезөкше» категориясының мәні мен мазмұнын белгілеу жөніндегі мәселе түбегейлі шешілген жоқ. Мұның өзі «жезөкшелік» және «жезөкше» сөздері мағыналарының дәл айқындамасын берудің оңай емес екендігін білдіреді.

Жезөкшеліктің ең көне анықтамасында әйелдің көпшілікке берілуі, клиенттердің жеке бастарына талғаусыздықпен қарауы және оларды жиі ауыстыруы, қызметі үшін сыйақы алуы жезөкшеліктің басты белгілері деп саналды. Римдіктер жезөкше, яғни «prostasai», сөзін өз денелерін сату үшін бордельдерде тұратын әйелдерге байланысты қолданған. Римдіктердің «prostare» сөзі «жұрт алдында сатылу» деген мағынаны білдірсе, «prostibutum» зат есімі «сатылатын қыз», «проститутка», яғни «жезөкше», деген ұғымға ие. Сондай-ақ римдіктер «жезөкшелік» пен «жезөкше» ұғымдарына түрлі анықтамалар берді.

Плавт Тит Макцийдің (б.д. д. ІІІ ғ. мен б.д.-дің 184 жылдың аралығы) грек үлгілерімен жазған комедияларында «guaeustuosa» сөзін «өзге дененің жәрдемімен өз денесін азықтандырады» деген мағынада қолданған. Ол сонымен қатар «өз денесімен еңбекақы табатын әйел» деген ұғымды білдіретін «me-getrix» («megete» «еңбекақы табу» деген сөзден шыққан), «prostibuium» («prosedere» «зинақорлар үйлерінің алдында тұру» деген сөзден шыққан) терминдерін пайдаланған. Грамматика маманы Ноний Марцель (V ғ.) «megetrix», немесе «menetrix», пен «prostibulum» ұғымдарының аражігін былай ажыратады: бұлардың біріншілері өздерінің кәсіпшілігімен сыпайы орындарда және әдептірек түрде айналысады және олар өз үйлерінде түн қараңғылығында ғана беріледі; екіншілері күндіз-түні бордельдердің алдында тұрады. Бұл анықтамада еркін я жасырын және зинақорлар үйлеріндегі жария жезөкшелер жайында түсінік берілген. Помпейдің қабырғасындағы «Люцилла өз денесінен пайда тапты» деген жазу жезөкшелердің мінезін қысқа және барынша ашып көрсетеді. Жезөкшеліктің дәлірек анықтамасын беруде және оның некеден тыс қатынастың өзге түрлерінен айырмашылығын анықтауда римдіктер құқығы, ең алдымен Рим заңгері Ульпианның (170–228 жж.) 426 жылы заңнама да қолданысқа енгізілген шығармалары аса зор маңызға ие. Оның тұжырымдары Юстинниан Дигесталарынан орын алды. Онда зинақорлар үйлерінде жезөкшелікке салынғандар ғана емес, әдетте көңіл көтеру кабактарында немесе басқа орындарда өзін арысздықпен сататындар да жезөкшелікті кәсіпшілікке айналдырғандардың санатына қосылатындығы айтылған.

Ульпиан әйелдердің зорлықтың салдарынан немесе сыйақы алу мақсатында неке адалдығын бұзып, бір немесе екі еркекпен жыныстық қатынасқа түсуін жезөкшелікке жатқызбаған. Еркектердің барлығына және әрқайсысына талғаусыз берілетін, зинақорлар үйлеріндегі әйелдерге ұқсайтындарды жезөкшелер деп таныған. Рим заңгерлері әйелдердің жыныстық қатынас үшін ақы алуын жезөкшеліктің белгісі ретінде қарастырған жоқ. Олар ақшалай сыйлық алу жезөкшеліктің мәнін ашпайды және соншалық масқаралық іс емес деген пікірді қолдады.

Көне замандағы деректерді қорытындылап, «ақша табу мақсатында немесе мұндай мақсатсыз-ақ, жария не жасырын түрде, талғаусыз көптеген еркектерге берілетіндер жезөкшелер болып табылады» деген тұжырым жасай аламыз. Рим құқығы бойынша белгіленген жезөкшелік жөніндегі түсінікті кейінгі кездегі заңгерлер де таныды. Рим құқығы жезөкшелерден еркін жыныстық қатынас өкілдерінің: «Concubina», «relie», «amica» немесе «delicatаның» айырмашылығын нақты ашып көрсетеді. «Concubina» — үйленбеген еркекпен бірге тұратын әрі барлық жағдайда заңды әйелдің қызметін атқаратын, бірақ заңды некелік келісімге отырмаған әйел. «Pellex», «raelex» (грек сөзі — «аманат әйел») — үйленген еркектің сүйгені, конкубинаттан («ашынадан») гөрі қадірі төменірек.

Нума патшаның шығарған заңына сәйкес заңды неке одағын құру үшін, өзге әйелге билігін жүргізген еркекпен жыныстық байланыста өмір сүрген әйелді «pellex» деп атады және арысз санады (Нума Помпилий — б.д.д. 715–673/674 жж. құқықтық және діни реформалар жүргізген жеті римдік патшаның екіншісі). Өздерінің тандауына қарай аз ғана еркектермен жыныстық байланыс жасаған,

осы себепті Ульпианның анықтамасында қарастырылмаған сыпайы әйелдердің («amica», немесе «delicata») жезөкшелерден біршама айырмашылықтары болған. Бұлар біздің заманымыздағы «жартылай аксүйек» әйелдерге ұқсайды, ал негізінде Рим ақыны Овидий (Публий Овидий Назон 43–18 жж.) өзінің «Махаббат ғылымы» аталатын поэмасын арнаған сатылғыш әйелдер тобына жатады. Ақынның айтуына қарағанда, бұлар жезөкшелер санатына қосылмайды. Оның пікірінше, сыпайы әйелдер барлық жағдайда дерлік сыйақы үшін берілсе де, жеке қарым-қатынастар мен таңдауларына тәуелді, жыныстық өмірлері талғаусыз жезөкшелерден мүлде өзгеше.

Рим құқығы кейінгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін барлық анықтамалардың негізгі қызметін атқарды. Христиан ілімі бойынша жезөкшелік азғындықтың белгілі түрі болып табылады. Некеден тыс кез келген жыныстық қатынас жезөкшелікке жатады. Жұрт көзінше өзін ұсынатын және кездескен еркектің бәріне сатылатын әйелдер жезөкшелер деп саналады. Қасиетті Иерониманың белгілі анықтамасында былай делінген: «Жезөкше дегеніміз — көптеген әйелжанды еркектерге берілетін әйел». Теологтар мен заңгерлер «көптеген еркектер» деген ұғымды талдауға келгенде, түрлі пайымдауларға бой алдырды. Біреу 40 еркекпен жатқан әйелді жезөкше деп санау керек десе, екіншісі біреу еркектердің саны 60-қа жетуі керек деп есептеді. Ал енді біреу тіпті 23000 (!) еркекке берілген әйелді ғана жезөкше деп тануды талап етті.

Қағидаға айналған құқықта әйелі бар адамға ашықтығы және сатылғыштығы жезөкшеліктің басты белгісі ретінде саналады. Жезөкшеліктің мейлінше толымды деп есептелетін анықтамасы мынадай: «Жезөкшелік дегеніміз — некеден тыс жыныстық қатынастың белгілі бір түрі, жезөкшелік жолына түскен әйел ұдайы, сөзсіз және жария түрде таңдамай-ақ, сан мөлшері белгісіз көптеген еркектерге берілуімен ерекшеленеді; клиенттерге сыйақысыз сирек беріліп, көп жағдайда өз денесін сатуды кәсіп қылады; жыныстық әріптесінің тән құмарлығын қоздырып және оны қанағаттандыра отырып, жыныстық әрекеттердің басқа түрлерін де жасайды; өзінің азғындық кәсібінің салдарынан белгілі бір тұрақты мінезді иеленеді. Жезөкшеліктің жалпы ұғымына жезөкшеліктің өрбуіне белгілі бір дәрежеде ықпал ететін жеңгетайлық та жатады.

Рим құқығы жеңгетай әйелдерді де жезөкшелерге қосқаны мәлім. Әйтсе де бұл құбылыстың басқа да анықтамалары бар. Жезөкшелік біздің дәуірімізге дейінгі қоғамдарда да тіршілік еткен, сондықтан оны «ең көне кәсіп» деп атайды. Көне замандағы римдіктер жезөкшелікке «көңілі қалағандардың бәріне, олардың жыныстық құштарлығын қанағаттандыру үшін өз денелерін ақшаға сату» деген анықтама берді [1].

Революцияға дейінгі Ресейде жарық көрген «Большая Советская энциклопедияда» (БСЭ) осыған ұқсас анықтама берілген: «Жезөкшелік — ақша үшін көңілі қалаған кім көрінгенмен жыныстық қатынасқа кәсіби түрде қатысу». Ал «БСЭ-да» *жезөкшеліктің* анықтамасы мынадай: *Проституция* — латын сөзі *prostituo* — масқаралаймын, арсыз қыламын) таптық антагонистік қоғамда біздің дәуірімізге дейінгі III–II ғасырларда пайда болған әлеуметтік құбылыс және оған тән белгі: өмір сүруге қаржы табу мақсатында (негізінен әйелдердің) өз денелерін сатуы [2].

Түрлі әдебиеттерде жезөкшеліктің жоғарыда көрсетілген анықтамаларына ұқсас сипаттамалары бар. «Жезөкшелік» ұғымы жеке сүйіспеншілік пен құштарлыққа негізделмеген, төлемақы үшін кездейсоқ, некеден тыс, сексуалдық қатынас дегенді білдіреді.

В.Броннер мен А.Елистратовтың еңбектерінде былай делінген: «Жезөкшелік» ұғымын анықтау үшін оның мынадай белгілерін айқындау қажет, әйел денесін сатып алу мен сатудың ашық элементі, әйелдің еркін жыныстық таңдауы болмауы және материалдық сыйақы үшін оны иеленуге тілек білдірушілердің бәрінің оған қол жеткізе алуы». Мемлекет және құқық энциклопедиясы тіпті қысқа анықтама береді: «Жезөкшелік дегеніміз — жыныстық инстинкті қанағаттандыру объектісі ретінде өз денесін сату». Шетелдік зерттеушілер де жезөкшелікке осыған ұқсас баға берген. Мысалы, ағылшынның психосексуалдық оқулығында төлемақы үшін арсыз азғындыққа өз денесін ұсынған әйелдер жезөкше деп танылған. Ағылшын зерттеушісі Эллис түрлі адамдарға өзінің сексуалдық мейірімін сақтаған әйелді жезөкше деп таныды [3].

Жапондардың «Жезөкшелікке жол бермеу туралы» (1956) заңында бұл іс «сыйақы үшін немесе сыйақы беруге уәде үшін белгісіз серіктермен жыныстық қатынасқа түсу» деп сипатталады. Нью-Йорк штатының Қылмыстық кодексінде жыныстық қатынасты сыйақы үшін жүзеге асырған, жүзеге асыруға келіскен немесе ұсыныс жасаған адамдар да жезөкшелікке кінәлі деп танылады делінген. Ағылшындардың медицина қызметкерлерінің пікірінше, әйелдер жезөкшелікті, яғни ақшалай немесе басқа түрдегі сыйақы үшін жыныстық қатынас жасауды, еркектермен әдеттегі қарым-қатынас ретінде түсінуді мүмкін.

Жезөкшеліктің көпшілік таныған мынадай белгілері бар: түрлі адамдармен сексуалдық қатынас жасау (әдепсіз жыныстық байланыстар) және көбіне ақшалай түрде сыйлық (төлемақы) алу. Кей кезде сезім талғаусыздығы белгісін де жезөкшелікке тән деп қарайды. Дегенмен келтірілген анықтамалардың айқындылығына қарамастан, жезөкшелік пен жеңіл мінезділіктің аражігін ажырату қиын.

Жезөкшелердің алатын сыйлығы ақша түрінде болмауы да мүмкін. Жезөкшелер әсіресе шетелдіктермен материалдық құндылықтар үшін (киім, әшекей, қымбат косметика, парфюмерия т.б.) жыныстық қатынасқа түседі. Мұндай төлемақы түрін өзі сүйген еркектерді жиі ауыстыратын жеңіл мінезді әйелдердің алған сыйлықтарынан айыру оңай емес. Егер жезөкшеліктің белгісі жыныстық қатынастың әдепсіздігі деп санасақ (АҚШ-тың он штатының заңында (1918 ж.), осындай анықтама берілген), онда жезөкшелікке тән жыныстық азғындық және түрі айқын емес жыныстық байланыс араларындағы шекара мүлде жоғалады. Әйелдердің өз денелерін ұдайы саудаға салуы орын алса ғана, жезөкшелікті кәсіп деп (кәсіби жезөкшелер бар) немесе кәсіпшілік деп тануымыз керек. Мұндай жағдайда материалдық пайда белгілері де қажет.

Жыныс қатынасы саласындағы жеңіл ойлылық немесе бейморальдік мінез-құлықтан жезөкшеліктің айырмашылығы (ол да бейморальділіктің шектен шыққан түріне жатса да) төлемақы туралы алдын ала келісім жасалудан көрінеді. Басқаша сөзбен айтқанда, серіктерін жиі ауыстыратын, олардан сыйлық алатын, олармен бірге ресторандар мен ақылы ойын-сауықтарда уақыт өткізетін әйелдер әлі де жезөкше деп саналмайды. Жезөкшеліктің басты белгісі әрекеттің ұдайылығы және төлемақы жөнінде алдын ала келісу болып табылады (қызмет бағасы алдын ала айтылмауы да мүмкін).

Кейбір зерттеушілердің пікірінше, жыныстық қатынастағы серігіне деген сезім талғаусыздығы жезөкшеліктің елеулі белгісіне жатпайды. Өйткені жезөкшелердің өздерінің талғамдарына сай келетін серік таңдап алуларына және жиіркеніштерің туғызатын еркектерге интимдік қызмет көрсетуден бастартуға мүмкіндіктері бар, жезөкшеліктің дәл анықтамалары бұл ұғымды шексіз кеңейтуге жол бермейді, бұл осы кәсіпшілікпен айналысушылыққа құқықтық жауапкершілік белгілеу кезінде айрықша маңызды. Жезөкшелік жеке бастың бейімділігі мен сезім әуестігін негізге алмай, екі жақтың бірінің (әйелдердің) маңызды ынталандыруы табыс болып табылатын некеден тыс сексуалдық қатынас деген ұғым да бар. Бұл анықтама нақтырақ болса да, бәрі-бір жезөкшеліктің мәнін толық аша алмайды. Мәселен, табыс табуды мақсат етпей, тек көңіл көтеру үшін ғана клиенттерге тегін қызмет көрсететін жезөкшелер бар.

Жезөкшеліктің бір көрінісі сатылушылық. Белгілі социолог Г.Зиммен жезөкшеліктің ақшалық (тауарлық-ақшалық) мәнін аша келіп, жезөкшелік пен ақшаның табиғаттары ұқсас екендігін атап көрсеткен. Оның пікіріне қарағанда, жезөкшелік пен ақшаның барлық жаңа қолданысқа талғаусыздықпен берілуі, кез келген субъектіні оп-оңай тастауы, олардың біреуімен де тығыз байланыста болмауы тәрізді ортақ белгілері бар. Жезөкшелік адамдық болмысты сатып алу-сату, яғни, сауданың бұйымына айналдырады.

Қазіргі зерттеушілердің көпшілігі бұл проблеманы мәдениеттану емес, әлеуметтік-экономикалық саламен байланыстыра қарайды. Ал XIX ғ. – XX ғасырдың бас кезеңінде жезөкшеліктің мәні мен ролі жөніндегі мәселе тарихи, әлеуметтік-саяси және медициналық әдебиеттерде пікірталас тудырған тақырыптардың біріне айналды. Талқылау барысында бұл тақырып қызу айтыс та тудырды. Ресми құжаттарда жезөкшелік «көңілі қалағандардың бәріне белгілі бір сыйақы үшін өз денесін сату немесе жыныстық қатынас жасауға келісім беру арқылы жүзеге асырылатын азғындықтың бір түрі» ретінде түсіндірілді. Бұл анықтамада жезөкшелер жікке бөлінбеген, сондықтан олардың бәріне бірдей қолданылды. Сондай-ақ XIX ғасырдағы ресми құжаттарда жезөкшеліктің негізгі белгілері сатылушылық, жария әрекеттік, кәсібилік деген анықтама берілді. Бірақ мұндай түсінік те сатылғыш қыздардың арасындағы жезөкшелікпен уақытша айналысушылар, қожайындарымен нәпсіқұмарлық байланыстағы күтушілер тәрізді үлкен бөлігін қамта алмады. А.Флекснердің пікіріне қарағанда, бұл анықтамаға жезөкшеліктен өзге табыс көзі жоқ, тіркелген кәсіби жезөкшелер ғана енеді [4].

Жезөкшелікке деген ресми көзқарас тікелей қоғамдық санаға ықпал етті. Айталық Петерборде 1897 жылдың 15–22 қаңтар аралығында өткен «Ресейдегі мерезге қарсы шараларды талқылау жөніндегі» съезге қатысушылар бірқатар қаулылар қабылдады және жезөкшелік анықтамасын белгілеу мәселесін қарады. Құжаттарда ол «белгілі бір тұлғалардың тіршілік етуіне кәсіпшілік ретінде мүмкіндік беретін, қоғамдық құрылыстың жойылмайтын элементі» деп сипатталды, сонымен қатар «жезөкше» анықтамасына онымен кәсіби түрде айналысқан әйелдермен бірге жезөкшеліктен

уақытша (кездейсоқ) кіріс келтіретін әйелдер де жатқызылды. Анықтамаға көне кәсіптің өкілдерін тұрғылықты мекендеріне қарай қалалық және селолық деп жіктеген тарау енгізілді.

Халық денсаулығын қорғау Орыс қоғамының екінші бөлімшесі 1903 жылы құрған Жезөкшелікті дәрігерлік-полициялық қадағалау жөніндегі комиссия жезөкшеліктің мәнін анықтауға арналған бірнеше ұсыныстарды талқыласа да, нақты шешім қабылдай алмады. Жиналғандардың назарына мынадай анықтамалық терминдер ұсынылды: «Жезөкше деп жалғыз кәсіпшілік ретінде немесе қандай да бір өзге қызметпен бірге қосалқы кәсіпшілік ретінде өз денесін сатумен айналысатын әйелді айтады». Бұл анықтамаға қарсылық білдірушілер онда жария әрекеттік туралы түсінік жоқтығын дәлел қылды. Талқылауға ұсынылған «Жезөкше дегеніміз — көпшілік алдында жария түрде өз денесін сатып қаражат табатын әйел» деген анықтама да сынға ұшырады. Ондағы жария әрекеттік туралы түсінік барлық адамға бірдей түсінікті емес, оны біреулер көпшіліктің көз алдында істелетін іс деп ұғуы мүмкін, сондай-ақ анықтамада жезөкшелік кәсібі жөнінде ереже жоқ деген сын айтылды.

«Жезөкше» категориясын зерттеушілер де ортақ қорытындыға келе алмады. Олардың әрқайсысы жезөкшеліктің басты белгілерін өздерінің айқындауы бойынша тану дұрыс деген пікірді ұстанды. Э.Шперк жезөкшеліктің басты белгісі кәсібилік деп санады. Ол «көпшілік әйелі дегеніміз — жезөкшелікті өз кәсіпшілігі ретінде таңдап алған және тіршілік етуге қаражат табудың өзге жолы жоқ немесе оны қаламайтын әйел», ал «жезөкшелік дегеніміз — кәсіпшілік, некенің заңды, өткінші және өткір түрі» деген пікір білдірді.

Р.Вордлоу жезөкшелікке «жыныстар арасындағы кез келген рұқсат етілмеген қатынас» деген анықтама берді. Ол тіпті азғындық пен жезөкшеліктің арасындағы кез келген айырмашылықты жоққа шығарды және көпшілік әйелдерді «ақша үшін немесе өтемақысыз өздеріне қайырымдылық көрсетушілерге өздерін құрбан етушілер» деп атады. Сондай-ақ ол «әйелді солай деп атау үшін жыныстық қатынастың бір оқиғасы жеткіліксіз, жыныстық әрекеттің ерікті қайталануы ғана жезөкшелік таңбасын басады» деп жазды. Одан кейінгі кейбір авторлардың пайымдауларында тіпті сандырақтар орын алды. Олар жезөкшені «зинақорлар үйлерінде ең кем дегенде 20 сағат бойы еркектерге берілетін әйел» деп санады. Осыған ұқсас анықтама берген М.Кузнецов: «Жезөкше, не көпшілік әйелдері, деген сөздің мағынасы бізде әдетте өте кең ауқымда қолданып, кейде некеден тыс жыныстық қатынастың бәрін жезөкше деп қабылдайды. Ал нақты өз мағынасында айтқанда, «жезөкше дегеніміз — еркектердің жыныстық құмарлығын қанағаттандыру үшін ақшаға өз денесін беретін әйел», «жезөкшелік дегеніміз — азғындық мақсатты көздеумен адам денесін саудаға салу».

М.Рабютоның пікірінше, жезөкшеліктің жалғыз шешуші белгісі мынадай: «Нағыз жезөкше деп біз мәжбүрлік ықпалымен немесе ерікті түрде ешқандай таңдаусыз, сүйіспеншіліксіз, сезім құмарлығынсыз жыныстық қатынасқа түскен әйелді айтамыз. Жеке таңдауының жоқтығы, өзін бәріне және әркімге талғаусыз беру — жезөкшеліктің ең маңызды және басты белгісі».

Л.Мартино да жезөкшелер қатарына «өзін сатып алушыларды таңдамайтын» әйелді жатқызады, бірақ «еркекті бір мақсат үшін ғана таңдайтын, сөйте тұра оған өте селқос қарайтын» әйелдің де жезөкше бола алатынын жоққа шығармайды. Ол тұтастай жезөкшелікті «басқалар үшін рахат сезімінің саудасы» деген анықтамамен атайды.

М.Чистякованың пікіріне қарағанда, «жезөкше — ашық түрде және тұлғаны таңдамай-ақ ақша үшін өзінің махаббатын сататын, сөйтіп атақ іздейтін әйел, жезөкшелік әрдайым осындай сипатта болған, бұл түсінікке жезөкшенің денсаулығы жөніндегі өлшем де, басшыларының рұқсатымен не онсыз әрекет етуі енбеуі керек».

А.Поспелов: «Жезөкше дегеніміз — ашық немесе жасырын түрде және әдеті бойынша еркектердің жыныстық құмарлығын қанағаттандыру үшін оларға берілетін әйел», — дейді.

Алдыңғы авторлардың барлығы жезөкшелікті бұрынғы кезде қоғамдық құрылыстың қажетті элементі ретінде таныса, Д.Д.Ахшарумов оған басқаша қарайды. Ол өзінің «Жезөкшелік және оны тәртіппен реттеу» аталатын баяндамасында: «Адам өмірінің жыныстық саласында белгілі ауытқушылық құбылысының жиынтығы оның өміріндегі құбылыстардың қалыпты күйден өзгеріске ұшыраған бір бөлігі, ал жезөкше дегеніміз — азын-аулақ төлемақыға өз денесін сатушы жарлы әйел, ал денесін өте қымбат бағаға сататындарды, бұлай деп атауға келмейді. Бұлар тіпті айрықша артықшылықты иемденген тіршілік иелері. Зинақорлар үйлерінде жасайтын және өзін-өзі ерекше тірлік иесі деп жариялаған әйел ғана сондайлардың қатарында деп есептелінді», — дейді.

Сөйтіп, жезөкшеліктің басқа белгілеріне қарағанда сатылғыштық белгісінің басым екендігі байқалады және оның түсінігіне жезөкшелікпен айналысатын жоғары қоғамдағы әйелдер, сондай-ақ еркін я жасырын немесе жеке-дара жүріп көне кәсіппен шұғылдану енбейді. Сонымен қатар ол бұл

анықтамада «жезөкше дегеніміз — бәрінің жалпы игілігі үшін өз өмірін құртатын әйелдердің жоғары мұраты» деген пікірді де қосады.

А.Бляшко өз еңбектерінде жезөкшелікті «әйелдердің белгілі бір бөлігінің тек кіріс келтіру себебімен некеден тысқары жыныстық қатынас түрі» деп атайды. А.Х.Сабинин мынадай анықтама берді: «Жезөкшелік дегеніміз — бір жақ екінші жақтың игілігі жөнінде қам жемеуі, яғни жыныстық құштарлықты уақытша қанағаттандыруы, махаббат пен адалдық сезімдерінен айрылуы және оның күшті салдары болатынын ескермеуі. Егер сонымен қатар ақшалай төлемақы орын алса, тар мағынадағы жезөкшеліктің де болғаны, егер ол жоқ болса, мұндай қатынас жезөкшелік болып саналмайды». Сөйтіп, оның пікірі бойынша да, сатылғыштық жезөкшеліктің басты белгісі болып саналады.

Көне кәсіпті ұзақ жылдар бойы зерттеген В.М.Тарновский де «Жезөкшелік және абсолюционизм» аталатын өз еңбегінде осындай тұжырым жасаған. Оның сөзіне қарағанда, «жезөкшеліктің өзі де, оның барлық көріністері де жауыздық, тек қана жауыздық, қазіргі өмір жағдайында сөзсіз орын алады. Жыныстық қатынасты сатып алу-сату полицияның бақылауында не одан тысқары жүзеге асса да, ол әрдайым әйелдердің адамдық болмысын қорлау болып табылады».

Х.М.Чарыков жезөкшелік түсінігіне жаңа элементтер енгізді: «Біріншіден, — деп атап өтті ол, — бұл құбылыс адамға ғана тән, екіншіден, әйелді мұндай жолға итермелейтін материалдық-экономикалық, яғни ақша тапшылығы, үшіншіден, ол тек қана қалалық құбылыс. Жезөкшелік — қаланың сүйікті қызы». Ол ерекше әлеуметтік қатынас ретінде материалдық-экономикалық жағдайға байланысты ақшаны мақсат еткен кәсіпшілік санатында сипатталады. Осы себепті жезөкшелік қоғамдағы экономикалық тұрғыдан қамтамасыз етілмеген элементтердің тіршілік етулері үшін өздерінің материалдық жағдайын қамтамасыз етудің белгілі тәсілі болып табылады.

Неміс ғалымы И.Блох «Жезөкшелік тарихы» аталатын өз еңбегінде жезөкшелік некеден тыс жыныстық қатынастың белгілі бір түрі екендігін айта келіп, жаңа пікір де білдірді. Жезөкшелік жолына түскендер бұл кәсіппен тұрақты айналысады, талғаусыз көп адамдарға беріледі, сыйақысыз берілуі өте сирек, көп жағдайда еркектердің жыныстық сезімін қасақана қоздырып, оны қанағаттандырумен айналысады. Мұндай субъектілер өздерінің азғындық кәсіпшілігі салдарынан белгілі бір тұрақты ұсқынға енеді. Дегенмен, И.Блохтың мұндай анықтамасының да кемшіл тұстары бар. Айталық, оның ауқымына жезөкшелікпен кәсіби түрде айналыспайтын, яғни оны екінші кәсіп қылған, тұлғалар еңбеген, сондай-ақ ол кездейсоқ жезөкшелікті және еркектердің есебінен күн көретін әйелдердің жезөкшелігін, басқаша айтқанда, олардан ақша емес, сыйлық алатын әйелдердің азғындық әрекетін, астыртын, тәртіптен реттелмеген жезөкшелікті де оған қоспайды. Ал мұндай жезөкшелік түрлерінің деңгейі зинақорлар үйлеріндегіден жоғары екендігі тәжірибеден белгілі. Ресми жезөкшелердің өз кәсіпшілігін тастап, қалыпты өмір салтын ұстауға көшкендері аз еместігін және заңсыз жезөкшелікпен айналысушылар арасында мүлде азып, құлдырауға ұшырайтындардың саны көп болатындығы статистика мәліметтерінен байқалады. Осылайша, XIX ғ. – XX ғасырдың бас кезіндегі қоғамдық және ғылыми сана «жезөкше» категориясының басты белгілері — сатылушылық, жария әрекеттік, кәсібилік деген анықтама берді. Әйтсе де, авторлар осы үш белгінің бірін негізгі, қалған екеуін қосымша белгі деп тануда ортақ пікірге келе алмады. Өйткені олардың бір бөлігі жезөкшелікті — кәсіп, екіншілері қылмыс ретінде таныды, яғни «жезөкшелік» категориясын бірі қоғамдық еңбек түсінігі тұрғысынан, екіншілері құқықтық түсінік бойынша қарастырды. Басқа да анықтамалар жезөкшелікті адамдардың жынысына қарамастан, пайдакүнемдік мүдде үшін іске асырылатын жыныстық қатынастың кез келген түрі ретінде кең мағынада түсінуге мүмкіндік береді [5].

Негізгі табыс көзі осы кәсіптен құралатын әйелдер кәсіби жезөкше болып табылады. Олардың құрамына зинақорлар үйлеріндегі, соларға ұқсас орындарда жалғыз жұмыс істейтін және баспанасыз, кезбелікке салынған кез келген уақытта, кез келген жерде ең төмен бағаға, тіпті бір үзім нанға денелерін сататын әйелдер де енеді. Соңғылардың көпшілігі бақылау шеңберіне ілікпейді, сондықтан олардың есебін дәл жүргізу мүмкін емес. Дегенмен, нәпсіқорлық кәсіпшілігін жүргізуші жезөкшелер қауымының құрамы олардың жоғарыда көрсетілген 3 түрінен ғана тұрмайды. Бұл қауым қызметі, лауазымы, мәртебесі, отбасылық жағдайы, қоғамдағы орны т.б. жағынан алуан түрлі жезөкше әйелдерден құралған. Дегенмен, қазіргі заманда орын алған жезөкшелік пен ежелгі дәуірлердегі жезөкшеліктің сыр-сипаттарында едәуір айырмашылық бар.

Жезөкшелік — өз тәнін саудаға салу арқылы пайда табу. Жезөкшеліктің тағы бір анықтамасы мынадай: а) кәсіп түрі — клиенттің сексуалдық қажеттілігін қанағаттандыру; ә) кәсібінің сыйпаты — үнемі, жүйелі түрде сүйіспеншілік сезіміне берілмей-ақ, клиенттің жыныс қажеттілігін кез келген түрде қанағаттандыруға бағытталған, түрлі адамдармен жыныстық қатынасқа түсу жолымен жүзеге

асырылатын кәсіби қызмет т.б. Кәсібінің мақсаты — жезөкшелікпен айналысушы тұлғаның күнкөріс қаражатының негізгі немесе қосымша көзі болып табылатын ақша түрінде немесе басқадай материалдық құндылық түрінде алдын ала сыйақы алуға келісу.

Әдебиеттер тізімі

1. Хотченков Ю.В. Проституция и преступность. — М.: Юрид. литература, 1991. — С. 64.
2. Введенский Б.А. Большая Советская энциклопедия. — Т. 8. — М.: Гос. науч. изд-во «БСЭ». — С. 791.
3. Елистратов А.И., Броннер В.М. Проституция в России. — М.: Юрид. литература, 1927. — С. 84.
4. Флекснер А. Проституция в Европе. — М.: Юрид. литература, 1926. — С. 94.
5. Икстатова С.Т. Жезөкшелік түсінігі // ПМУ хабаршысы: Гуманит. сер. — 2004. — № 1. — 79-б.

ӘОЖ 342:32(574)

Қ.С.Мусин

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘСКЕРИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ НЕГІЗГІ СИПАТЫ МЕН БАҒЫТТАРЫН АНЫҚТАЙТЫН НЕГІЗГІ ШАРТТАР МЕН ФАКТОРЛАР

В статье, наряду с раскрытием понятий и видов безопасности, рассматриваются с правовой точки зрения конституционно-правовые основы основных принципов регулирования военной политики, анализируются различные научные прогнозы, предложения по совершенствованию и развитию законодательства по регулированию военной политики.

In his research, at the same time of opening notion and types of national security, considers from law point of view constitutional-law's bases of cardinal principles of regulation military economic, gives analysis of different sciens forecasts and suggestions on improvement and development of legislation on regulation military policy.

Қазақстан Республикасы — Еуразия құрлығының ортасында орналасқан тәуелсіз мемлекет. Республиканың территориясы Волганың төменгі ағысынан бастап, батыста Алтайға дейін, шығыста 3000 километрге созылған Батыс Сібір жазығынан, солтүстікте Тянь-Шань тауларына бастап, оңтүстікте 1600 км-ге дейін созылып жатыр. Шекараның жалпы ұзындығы 15000 километрді құрайды, оның 12000 — құрлық жер, 3000 — су өлкені құрайды. Батысы мен солтүстігінде Қазақстан Ресей Федерациясымен, оңтүстігінде Түркіменстан, Өзбекстанмен және Қырғызстанмен, шығысында Қытаймен шекараласады. Қазақстанның аумағының жалпы көлемі 2724,9 мың шаршы км құрайды. Қазақстанның аумағы тұтасымен алғанда Франция, Испания, Португалия, Италия, Греция, Швеция, Норвегия және Финляндиямен тең. Көлемі бойынша әлемнің мемлекеттерінің бірінші ондығына кіреді. Еуразия да Ресей, Үндістан және Қытайдан кейін төртінші орынды, ал ТМД елдерінің арасында Ресейден кейін екінші орынды алады.

1999 жылдың халық санағының мәліметтері бойынша, Қазақстанның халқының саны 15 млн. адамға жуық. Біздің елімізде 100-ден аса диаспора тұрады. Өз кезегінде қазақтар да әр түрлі елдерде тұрады (жақын және алыс шет елдер). Олар туралы келесі мәліметтер бар: Өзбекстан мен Қытайда — 1500000-нан, Ресей Федерациясында — 1000000 жуық, ТМД елдерінде (Өзбекстан мен Ресей Федерациясын қоспағанда) — 240000 жуық, Монғолияда — 92000 жуық, Ауғанстанда — 40000 жуық, Түркия мен Иранда — 18000, Канадада — 9000 жуық, Пәкістанда — 7000 жуық, Германия мен Францияда — 5000 жуық, АҚШ пен Сауд Арабиясында — 2000, Австралияда — 900 жуық, Австрияда — 700 жуық, Аргентинада — 500 жуық, Ұлыбританияда — 600 жуық, Швеция мен Йорданияда — 200, Израиль мен Сирияда — 100, Данияда, Швейцарияда, Голландияда, Норвегияда, Мароккода, Египетте, Бельгияда, Тайванда әрбіреуінде 100-ден аз. Қазақстанның мемлекеттік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс негізгі шарттары — үлкен территория мен адам ресурстарының шектелгендігі. Мемлекеттің әскери саясатын жүзеге асыруға әсер ететін басты фактор болып Азия